

АЛҒЫС

ЖАН ЖЫЛУЫ - ЖАҚСЫДАН

«Жаныңызда жүр жақсы адам» демекші, біздің қоғамда тынымсыз еңбектерімен, үлгілі тәрбиелерімен өз орталарына сыйлы болып, елімізге адал қызмет жасап жүрген жандар аз емес.

Сондай жандардың бірі де бірегейі **Бауыржан Таутанов, Бауыржан Есенов, Нұрсұлтан Отарбеков, Нұргелді Отарбек, Бейбіт Қанапиянов, Қуат Есентаев** атты аудандық әкімдікте істейтін күзетші жігіттер.

Халқымызда «Батамен ел көгерер, жаңбырменен жер көгерер» деген қанатты сөз бар. Осы орайда өнегелі істерімен

көпшіліктің құрметіне бөленіп жүрген ардақты азаматтар ауданымызда көп-ақ. Өздерінің кішіпейілдігі, қарапайымдылығымен қызметтерін зор ілтипатпен атқарады. Үлкенге ізет, кішіге құрмет дегендей әр уақытта жұмыспен келген адамдарға мінсіз ілтипат көрсетіп келеді.

Міне, бүгін аудандық «Жаркент өңірі» газеті арқылы ауданымыз үшін қызмет атқарып жүрген азаматтарға алғысымды айтқым келеді. Отбасыларына амандық, жұмыстарына сәттілік, бақтың баяндысын, тәңірдің шексіз қолдауын тілеймін.


Салтанат БАЙМЫРЗАЕВА,
зейнеткер-ұстаз.
Сүптай ауылы

АЛТЫН САНДЫҚ

ҚАЗАҚЫ БЫРЫМДАР

Қазақтар шашты жерге тастамайды – бас ауырады деп ырымдайды.
Тырнақ өсірмейді – астына шайтан ұялайды дейді.

Көйлек тіккенде матаның енін бойына қаратып тікпейді – өмірінде көлденең нәрселер көп болады деп.
Бас киімді теріс



кимейді – теріс іске себепкер болады деп.

Шөпті жұлса - жауын жауады дейді.

ОЙСАЛАР

- Жақсының сөзі ақыл шақырады, Жаманның сөзі ашу шақырады.
- Ісінбе кеберсің, Тасыма төгілерсің.
- Ынта болса адамда, Қиын іс жоқ ғаламда
- Суды құм бөгейді Ер жігітті жоқ бөгейді

- Адам жас шағында бір бала, Қартайғанда бір бала
- Жақсылық жасасаң жасыр, Жақсылық көрсең асыр
- Қиынға қиналмаған Оңайға ойланбайды
- Біреу суға жете алмай «Аһ» ұрады, Біреу судан өте алмай «Аһ» ұрады.

АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Жетісу облысы «Панфилов ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ БСН 110640020800 Панфилов ауданы әкімінің 2023 жылғы 16 маусымдағы № 268 қаулысымен ағымдағы жылдың 1 шілдесінен бастап таратылғаны туралы хабарлайды. Жетісу облысы әкімдігінің 2023 жылғы 13 маусымдағы №178 «Жетісу облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Жетісу облысының еңбек мобильділігі орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесін құру туралы қаулысы негізінде, «Жетісу облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Жетісу облысының еңбек мобильділігі орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 01-ө бұйрығымен «Панфилов ауданының мансап орталығы» филиалы құрылды.

Мекен-жайы: Жетісу облысы, Панфилов ауданы, Жаркент қаласы, Н.Головацкий көшесі № 131 үй, тел. 8/72831/5-30-73, 8/72831/5-06-50.

АДАМДАРДЫҢ УЛАҒЫШ ГАЗДАН УЛАНУЫНАН ҚАЗА БОЛУЫ ЖӘНЕ ЖАРАҚАТ АЛУЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ ТУРАЛЫ

Алматы облысының аумағында 2016 жылдың басынан 1215 өрт оқиғасы тіркеліп, өрттерден 124 млн. астам материалдық шығын өкелінді. Өрттен 25 адам қаза болды, 51 адам өртүрлі дережеде жарақат алды.
Талдауға сүйенсек, 2015 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда өрттер 2%-ға төмендеген, материалдық шығын көлемі 10%-ға өскен. Қаза болғандар саны 11%-ға төмендеген, өрттен жарақат алған адамдар саны 46 %-ға өскен.
Өрт көбінесе тұрғын секторда болып отыр, бұл барлық өрт санының 70 % құрайды.
Ағымдағы жылдың 15 қазанынан бастап облыстың жеке тұрғын үйлерінде от жағу маусымы басталды, яғни тұрғын секторда адамдардың улағыш газдан улануы аса алаңдаушылықты тудырып

отыр. Оған себеп тұрғындардың жылыту пештерін орнату және пайдалану кезінде өрт қауіпсіздік ережелерін сақтамау болып отыр.
Сонымен, жыл басынан бастап улағыш газдан 363 адам улағыш газдан уланған, оның 149 балалар, оның ішінде 6 адам, 2-уі балалар ауыр халде реанимацияға жеткізілген, ал қалғандарына алғашқы медициналық көмек көрсетіліп үйлеріне қайтарған. Өткен жылмен салыстырғанда жарақат алғандар саны 63%-ға өскен.
Бұл ретте, басым бөлігінде улы газдан халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан азаматтар улануда.
Температураның кенеттен төмендеуіне байланысты, Алматы облысының Төтенше жағдайлар департаменті жылыту пештерін пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі

ережелерін сақтау қажеттігі туралы тағы да естеріңізге салады:
-түтіндікте және пештегі жарықшалар, ақаулы пештің оттығы және пеш алдындағы қаңылтырдың болмауы сияқты айқын кемшіліктері бар жылыту пештерін пайдаланбаңыздар;
-түтіндікті тазалап тұрыңыздар;
-пешті қатты қыздырмаңыздар;
-жанып жатқан пешті қараусыз қалдырмаңыздар;
-пешті жағуды ұйқыға жатар алдында екі сағат бұрын тоқтату керек.
Міне, осы қарапайым ережелерді сақтансаңыз сіз тілсіз жаудың алдын аласыз.
Облыстық төтенше жағдайлар департаментінің мемлекеттік өрт бақылау бөлімі.

МАМАН МІНБЕРІ

ВАЖНО ЗНАТЬ

«НЕИСПРАВНАЯ ПЕЧЬ – ПРИЧИНА ПОЖАРА»

Каждый пожар – это несчастье, а если в результате погибает человек, то еще и трагедия. В связи с наступлением холодов просим Вас обострить особое внимание к требованиям пожарной безопасности при топке и эксплуатации отопительных печей. Печи должны иметь установленные нормами противопожарные разделки, (отступы) от горючих конструкций, а также без прогаров и поврежденный предпочный лист, размером не менее 0,5x0,7 м. На чердаках все дымовые трубы и стены, в которых проходят дымовые каналы должны быть побелены.
Уважаемые граждане района! Соблюдение и выполнение требований правил пожарной безопасности – предотвратит возникновение и распространение пожара в Вашем доме, берегите своё здоровье и имущество. Помните, что Ваша безопасность в Ваших руках и зависит полностью от Вас.

А.АБИЛ,
начальник ОЧС
Панфиловского района
подполковник г.з.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ ӨТЕДІ

12.09.2023 жылдан бастап 10 күн жұмыс ішінде БЭП сайтында <http://ecorportal.kz/> Жетісу облысы, Панфилов ауданында орналасқан «Қызылкеріш» кен орнының саздақ карьерін жою жоспарына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «Ағам-тас» ЖШС, БСН 060540013129, мекен-жайы: Жетісу облысы, Панфилов ауданы, Жаркент қаласы, Біләл Назым көшесі, 1 ғимарат.

Қосымша ақпарат алуға болатын байланыстар мен электрондық мекен-жай: 87013495537, rotova_galina@mail.ru.

Жоба материалдарымен ecorportal.kz сайтында танысуға болады. Экологиялық жобаны әзірлеуші: Р.А. Құрманғалиев, ЖСН 830514301679 тел. 87012775623, тел. 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

Ұсыныстар мен ескертулер ecorportal.kz сайтында қабылданады. «Жетісу облысының табиғи ресурстар және реттеу басқармасы» MM7su_expertiza@mail.ru. Тел. 8(7282) 32-92-67, Талдықорған қ., Қабанбай батыр көшесі, 26.

С 12.09.2023г в течении 10 рабочих дней на сайте ЕЭП <http://ecorportal.kz/> проводятся общественные слушания посредством публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» для плана ликвидации карьера суглинков месторождения «Кызылкеріш», расположенном в Панфиловском районе области Жетісу.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Ағам-тас», БИН 060540013129, адрес: область Жетісу Панфиловский район, город Жаркент, улица Биал Назима, здание 1.

Контакты и электронный адрес по которым можно получить дополнительную информацию: тел. 87013495537, rotova_galina@mail.ru. Ознакомитесь с материалами проекта можно на сайте ecorportal.kz.

Разработчик экологического проекта ИП «Курманғалиев Р.А.» тел. 87012775623, ИИН 830514301679, тел.87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

Предложения и замечания принимаются на сайте ecorportal.kz. ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу», 7su_expertiza@mail.ru. Тел. 8(7282) 32-92-67, г.Талдықорған, ул.Кабанбай батыра, 26.

Жекеше нотариус Р.Мартепбаева 27.07.2023 жылы қайтыс болған **Ахаев Каби Окановичтің** атына мұрагерлік іс ашылғанын хабарлайды. Мұрадан үлес алатын заңды мұрагерлер болса Жаркент қаласы, Жібек жолы көшесі – 57 мекен-жайға 5-11-22 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Жекеше нотариус Р.Мартепбаева 12.08.2023 жылы қайтыс болған **Кабылбеков Куаныш Кайратовичтің** атына мұрагерлік іс ашылғанын хабарлайды. Мұрадан үлес алатын заңды мұрагерлер болса Жаркент қаласы, Жібек жолы көшесі – 57 мекен-жайға 5-11-22 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Жекеше нотариус Э.Абировва 30.03.2023 жылы қайтыс болған **Талипов Якупжан Абдуллаевич**

атына мұрагерлік іс ашылғанын хабарлайды. Мұрадан үлес алатын заңды мұрагерлер болса Жаркент қаласы, Лутфуллин көшесі №8/1 немесе 8-771-473-29-52 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Акимжанова Шахидям Акимжановна атына берілген мемлекеттік нөмірі 09BMA05 және техпастортының жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Құрмбай Нұрсұлтан Аймағаметұлы атына берілген мемлекеттік нөмірі 145AFQ05 жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Исмаилов Ибрагим Алмасжанұлы атына берілген мемлекеттік нөмірі 248ABE19 жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Меншік иесі «Жаркент өңірі» ЖШС
БІЗДІҢ МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
041300 ЖАРКЕНТ ҚАЛАСЫ,
ПАЩЕНКО КӨШЕСІ,14.
Электронды поштамыз:
jarkent_oneri@mail.ru
Электронды мекен-жайымыз:
WWW.Z-o.kz

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді
ДИРЕКТОР-БАС РЕДАКТОР БАҒДАТ БЕЙСЕНҚЫЗЫ АЙТМҰҚАЕВА

Құрылтайшы: **Ж.М. НҰРМАНОВ**
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2021 жылдың 29 наурызында қайта есепке алынып, № KZ68VPY00033822 куәлігі берілген.
Газет қазақ, орыс, ұйғыр тілінде аптасына бір рет шығады. Көлемі 1 шартты баспа табақ
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты

Газет «Media Invest Group» ЖШС баспаханасында басылады. Мекен - жайы: Алматы қаласы, Ақтолықы,4 Осы шығарылымның таралымы: 5500 дана.